AP25794885 Робототехника негізінде бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру

Зерттеу нәтижесінде:

1. Робототехника негізінде бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мүмкіндіктері ғылыми тұрғыда негізделеді.

2. Бастауыш сынып оқушыларына робототехника негізінде ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша контенттердің сценарийлері әзірленеді.

3. Контент сценарийлері бойынша дамытушы аннимациялық бейнероликтер мен ойын тренажерлары әзірленеді.

4. Бастауыш сынып оқушыларына робототехника негізінде ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша оқу-әдістемелік құралдары дайындалады.

5. Оқу-әдістемелік құралдар негізінде ақпараттық білім беру ортасы әзірленеді.

6. Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша әзірленген ақпараттық білім беру ортасына тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері талданады және бағалау жүргізіледі.

7. Технологиялық дайындық деңгейі бойынша (TRL) бұл жоба №2 деңгейде тұр. Жоба міндеттерін орындау нәтижесінде технологияның дайындығы деңгейі (TRL) №4 деңгейіне сәйкес келеді.

Конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес, ғылыми зерттеулердің нәтижелері жарияланады:

- Web of Science деректер базасында Arts and Humanities Citation Index немесе Social Science Citation Index-те индекстелетін немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентилі бар ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала жарияланатын болады;

Жобаның зерттеу тобы мүшелерінің осы деңгейдегі жарияланымдарының болуы зерттеу бағытын таңдаудағы тәжірибе деңгейін көрсетеді, сонымен қатар жоба нәтижелерін халықаралық рейтингтік журналдарда жариялауға сенімділік береді.

Жоба шеңберінде қазақстандық патенттік бюродан зияткерлік меншіктің авторлық куәлігін алу мүмкіндігі болжанады.